

Жұмыспен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік-қорғау бойынша қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Лебяжі аудандық әкімдігінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 68/5 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 21 мамырда N 1814 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 7 тамыздағы N 125/8 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 7 тамыздағы N 125/8 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-ІІ Заңын және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Тұрғындарды жұмыспен қамту туралы" N 149-ІІ Заңын жүзеге асыру мақсатында аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру мен ұйымдастыру қағида б е к і т і л с і н .
2. Жалпы топтарға жататын тұлғалардың тізімі анықталсын (қосымша).
3. Бұл қаулы қазақстан Республикасы әділет басқармасы Министрлігі аумақтық органында мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап 2 апта аралығында ресми түрде жариялансын.
4. Бұл қаулы заңды күшіне 1 мамырдан енеді.
5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Н.О.Сағандықовқа жүктелсін.

Аудан әкімі

А у д а н ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 6 м а м ы р д а ғ ы
" Ж ұ м ы с п е н қ а м т у с а л а с ы н д а
а з а м а т т а р д ы ә л е у м е т т і к қ о р ғ а у
б о й ы н ш а қ о с ы м ш а ш а р а л а р т у р а л ы "
N 68/5 қаулысымен бекітілген

Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру мен ұйымдастыру ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Жалпы Ережелері

1. Нақты қағида жұмыссыз азаматтар үшін әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру мен ұйымдастыру тәртібін анықтайды және әлеуметтік жұмыс

орындарын ұсынатын ұйымдармен есептік жүйе мен негізгі талаптарын реттейді.

2. Нақты қағидаларда қолданылатын негізгі түсініктер.

1) әлеуметтік жұмыс орыны-жұмыс орыны қабылданған жұмысшылар жергілікті бюджет есебінен еңбекті төлеуге жұмыс берушінің бөлшекті өтемақы шығынымен жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкіл органдарда тіркелген жұмыссыз азаматтарды орналастыру үшін жұмыс берушілермен ұсынылған, құрылған орындар.

2) Жалпы топтар-Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Тұрғындарды жұмыспен қамту туралы" N 149-ІІ Заңымен бекітілген әлеуметтік қорғауды қажет ететін және жұмыс орналасуда қиыншылықтарды көрген азаматтар.

3) Әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқан жұмыссыз азаматтарға Қазақстан Республикасының еңбек туралы, сақтандырумен зейнеттік қамтамасыз ету заңнамалық актілері таратылады.

4) Әлеуметтік жұмыс орындарына орналасуға жолдама Лебяжі ауданының тұрғындарды жұмыспен қамту бөлімі арқылы жүзеге асады.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және орынға жұмыссыз азаматтарға орналастыру

5) Жұмыссыздар үшін әлеуметтік жұмыс орындары мекемелер, ұйымдармен жұмыс берушілер, жергілікті бюджет есебіне қаржыландыру шарттарымен ұсынылып, құрылады.

6) әлеуметтік жұмыс орындарына бағытталған жұмыссыз азаматтар еңбегінің шарттары жұмыссыз бен жұмыс берушінің арасында келісілген жеке еңбек келісім шарттары арқылы анықталады.

7) Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына бағыттау олардың келісімімен жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкіл органмен жүзеге асады.

8) Басымдық тәртіпте әлеуметтік жұмыс орындарына жалпы топқа кіретін жұмыссыз азаматтар жіберіледі.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру шарттары мен көздері

9) әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көзі: жұмыс берушілердің қаржысы, жергілікті бюджет.

10) Әлеуметтік жұмыс орындарын жергілікті бюджет қаржысынан қаржыландыру жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша жүзеге асады.

11) Жұмыс берушілердің шығысы жұмыссыз адамдар еңбегін төлеуге, әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқандарға еңбегін төлеуге, белгіленген заңнама тәртібінде әлеуметтік салықты төлеуге, қолданылмаған демалыс күндері үшін өтемақы төлеуге қаржы жергілікті бюджет қаржысынан бөлінеді, жергілікті бюджеттен бөлінетін еңбекте төлеу мекемеде белгіленген еңбекақының 50 пайызын құрайды. Бюджеттік қаржыны аудару бойынша есептер жұмыс

берушілердің есептің есептесуі жүзеге асады. Жұмыс берушілердің есептің есептесуі жүзеге асады.

12) Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкіл орган жұмыс берушілермен жергілікті бюджет есебінен әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыссыз азаматтарға еңбекті төлеуге бөлшектеп өтемақы төлеу бойынша келісім-шарт жасайды.

4. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру мен ұйымдастыруды тәртібін бақылау

13) Нақты қағиданы сақтауды бақылау белгіленген заңнаманың тәртібінде Мемлекеттік органдармен жүзеге асады.

Аудан әкімдігінің
2003 жылғы 16 мамырдағы
"Жұмыспен қамту саласында
азаматтарды әлеуметтік қорғау
бойынша қосымша шаралар туралы"
N 68/5 қаулысына қосымша

Ауданның жалпы топтарына жататын азаматтардың тізімі

1. Аз қамтамасыздандырылған
2. 21 жасқа дейінгі жастар
3. 23 жасқа дейінгі ата-ананың қарауынсыз қалған балалар мен жетім-балалар
4. Жалғыз басты және көп балалы кәмелет жасқа толмаған балаларды тәрбиелейтін ата-аналар
5. Қазақстан Республикасының бекітілген заңнамасының тәртібінде бақылау мен көмекте, әр уақытта қарауды қажет ететін азамат деп анықталғандар.
6. Зейнеткер жасқа дейінгі тұлғалар (жасы бойынша зейнетке шыққанға дейін 2 жыл аралығы)
7. Мүгедектер.
8. Қазақстан Республикасының қарулы күштер қатарынан босатылған азаматтар.
9. Мәжбүрлі емдеу мен бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтар.
10. Репатрианттар (оралмандар).
11. 50 жастан және одан жоғары әйел адамдар.
12. 50 жастан және одан жоғары ер адамдар.